



ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 07 (1348) 4 қараша 2006 жыл




Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

● Мәдени байланыс

Жақында Ресей астанасы – Мәскеу қаласында Республика күніне орай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір топ өнерлі студенттері мен Қазақстанның эстрада жұлдыздарының қатысуымен үлкен мәдени шара өтті. Қазақстанның Ресейдегі елшілігі ұйымдастырып отырған бұл ірі мәдени шараға ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұлов бастаған делегация екі ел арасындағы достық, мәдени қарым-қатынастарды нығайтып, сол жақтағы қазақ диаспорасы мен білім қуып жүрген қандастарымызды, мәскеуліктерді ұлттық өнер нәрімен сусындату үшін аттанған еді.

Сапардың алғашқы күні Қазақстандық делегация Мәскеу төріндегі 1500 адамға арналған үлкен салтанат сарайы – Форм-Холлда өнер көрсетті. Онда Алматыдан барған Қыдырәлі Болман, Қарақат Әбділдина, “Ұлытау” тобы, Мәдина Сәдуақасова, Айгүл Бабаева, Бауыржан Исаев, Владимир Ступин, т.б. эстрада жұлдыздарынан кейін сахнаға шыққан университеттің шығармашылық тобының концертті жиналған көпшілікті бірден өзіне баурап алды.

ҚАЗҰУ МЕН МӘСКЕУ



АРАСЫ

ҚазҰУ студенттері бұл шараға үлкен дайындықпен барған еді. Университеттің “Фараби сазы” халық аспаптар ансамблі Дәулеткерейдің “Көроғлы” күйін орындап, өнерлі студенттер Нұрғиса Тілендиевтің “Өз елім” әнін, Әсеттің әні “Қысметті” шырқап, “Алтын домбыра” биін ерекше нақышына келтіріп биледі. Бұл мәскеуліктер мен сол жақтағы қандастарымызға үлкен әсер қалдырып, ерекше қолдау білдіріп отырды. Университет аспиранты Юрий Колнов әйгілі “Подмосковные вечера” әнін орындаған кезде зал толы жұрт хормен айтқандай болды.

Сонымен қатар, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың А.Ф.Иоффе атындағы Ленинград физика-техникалық институтының аспиранты болып жүргенде туған жерге деген сағынышынан туған “Туған жерді есіне ал” әнін

студенттер клубының директоры Максат Арыстанбаев орындады. Қазақ жерінде туып-өсіп, осы халықтың ұлттық құндылықтарын бойына молынан сіңірген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Анатолий Иванович Купчишин “Кто я по нации?” өлеңін оқығанда зал толы жұрт қол шапалақтап, ерекше құрмет көрсетті. Концерттік бағдарлама отансүйгіштік рухқа бөлейтін Нұрсұлтан Назарбаевтың әйгілі “Жерім менің” әнімен аяқталды. Кештің әсерлі болғандығы соншалық, осы концертке қатысып отырған құрметті қонақтардың бірі – Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты Александра Буратаева өз әсерін былай жеткізді: “Өнер көрсетіп жатқандардың студенттер екендігін хабарламағанда, жоғары дәрежелі кәсіби әртістер екендігіне күмәніміз болмас еді”.

Жалғасы 3-бетте

● Индетпен күрес

“АРАМЫЗДА НАШАҚ ОРҒА ОРЫН ЖОҚ!”

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде осындай атпен студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жиыны өтті. Оған қатысқан университеттің Студенттер Кеңесінің, Сенатының, “Суңқар” студенттік кәсіподақ ұйымының, пікір-сайыс клубының мүшелері жастарды нашақорлық дерттен қалай аластатудың жолдарын қарастырып, студенттерді мұндай кеселден аулақ болып қана қоймай, қасында жүрген достарының бой алдырманына ықпал етуге шақырды.

Жалғасы 4-бетте

САҢАА: БҮГІНГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙДЕН
ӘЛДЕҚАЙДА
ОЗЫҚ ТҮР!



2-бет



4-бет МҮФТИМЕН
КЕЗДЕСУ

АНАЛОГ
ПРОДОЛЖАЕТСЯ



5-бет



7-бет

ОЗЫҚ ОЙЛЫ
ОҚЫМЫСТЫ



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2006 жылдың 26 қыркүйек күні өткен Ғылыми кеңестің кезекті мәжілісінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Т.Ә. Қожамқұловтың 2005-2006

оқу жылдарындағы университет қызметі және ұжымның жаңа оқу жылындағы міндеттері жөніндегі баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ж.Д.Дәдебаев "Жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы" қосымша баяндамасын оқыды. 2006 жылғы қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындысы жөнінде Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Н.Б. Биядиловтың хабарламасы тыңдалды.

РЕКТОРАТ

Ректораттың 10 қазан күні өткен кезекті отырысында 2006-2007 оқу жылына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамын конкурс арқылы жұмысқа қабылдау нәтижелері жөніндегі Кадр бөлімінің бастығы М.С.Нұрғазиннің хабарламасы тыңдалды. Университеттегі әскери міндеттілер мен әскер қатарына шақырылушыларды әскери тіркеуге қатысты әскери жұмылдыру бөлімінің жұмысы туралы Әскери жұмылдыру бөлімінің бастығы С.Т.Байболатов хабарлама жасады. Ректорат Қаулыларының орындалу барысын қадағалау: 08.11.2005 жылғы "Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дене тәрбиесі мен спорт кафедрасының және спорт клубының ғылыми-әдістемелік жұмысының жай-күйі жөнінде" деген тақырыптағы Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының меңгерушісі А.И.Ареценконың ақпары тыңдалды.

● Кездесу



ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙДЕН
ӘЛДЕҚАЙДА ОЗЫҚ ТҰР!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қонақта болған белгілі орыс тарихшысы, публицист, саясат және қоғам қайраткері Рой Александрович Медведев осылай деді. Ол бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған ТМД мемлекеттерінің қазіргі жай-күйіне, экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерін сараптаған ғалымдардың нақты мәліметтеріне сүйене отырып осындай тұжырым жасағандығын айтты. Оның осы тақырыпта оқыған лекциясы тыңдаушылардың зор қызығушылығын тудырып, сұрақтар легі көпке дейін толастамады. Белгілі ғалым оның барлығына да байыпты, ғылыми зерделенген жауаптар бере білді.

1925 жылдың 25 қарашасында дүниеге келген Рой Медведевтің мынадай танымал еңбектері бар: "Тарих безбені: генезис және сталинизмнің салдарлары", "XX ғасыр" ("Кеңестер Одағындағы социалистік оппозицияның дауыстары"), "Н.Хрушев: Біліктегі жылдар" және т.б. Оның еңбектері бірнеше дүркін италиян, жапон, ағылшын және француз тілдерінде жарық көрген. Ол өзінің ғылыми және публицистік қызметтерін Кеңестер Одағы мен Ресейдің қоғамдық-саяси өмірімен тығыз байланыста атқарған.

1970 жылдары Рой Александрович Андрей Сахаров пен Валентин Турчинмен бірігіп кеңестік мемлекет басшыларына кеңестік жүйені демократизациялау туралы ашық хат жариялаған. 1990 жылдың маусым айында Р.Медведев РСФСР Компартиясының Құрылтай съезінің жұмысына қатысып, 1990 жылдың шілде айында өткен XXIII съезінде КОКП ОК және Бағдарламалық комиссияның мүшелігіне сайланады.

Саяси белсенді жұмыстарына карамастан Рой Александрович ғылым мен публицистиканы жанына серік етіп келеді. Жыл сайын бір кітап, апта сайын мақала жариялап отыратын ұстанымынан айныған емес.

Ресейден келген жоғары дәрежелі мейманға құрмет көрсеткен университеттің бірінші проректоры З.А.Мансұров ақсақалдың бұдан кейінгі ғылыми және қаламгерлік жұмыстарына табыстар тілеп, жиналған көпшілік атынан алғысын жеткізді.

Ғалия АҚСЕЙІТ

ҚАЛАНЫҢ БАС ПОЛИЦЕЙІ

Жуырда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетінің студенттері Алматы қалалық Ішкі Істер Басқармасының бастығы, ҚазҰУ-дың заң, экономика факультеттерінің түлегі Тұрғанбаев Ерлан Заманбекұлымен кездесті. Кіріспе сөзді университетке қонаққа келіп отырған Алматы қаласының бас полицейін таныстырудан бастаған университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов оның студенттерге үлгі боларлық өмір белестері мен қызметтік өсу сатыларына ерекше тоқталып өтті.



СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Зал толы студенттер Ерлан Заманбекұлының қысқа да нұсқа, мәнді баяндамасын зор ықыласпен тыңдап, көкейлеріндегі сұрақтарын да еркін қойып отырды. Ол өз сөзінде Ішкі Істер саласында қызмет еткісі келетін болашақ мамандарды жұмысқа қабылдауға әзір екендігін жеткізді. Сонымен қатар ондай студенттермен жұмысты университет бітірерден жарты жыл бұрын бастау туралы ұсынысын айтты. Ерлан Заманбекұ-

лының айтуынша, қызметке қабылданатын маманға жүргізілетін алдынала тексеру жұмыстары ұзаққа созылатындықтан, мұны университет қабырғасынан-ақ бастау екі жаққа да тиімді болар еді.

Жиынға сонымен қатар Алматы қаласының жол полициясы басқармасының бастығы Б.Е.Айхымбеков, Алматы қаласының ІД бастығының орынбасары М.Г.Шахманов, қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бас-

тығы М.И.Косаев, Бостандық аудандық Ішкі істер бөлімінің бастығы Е.М.Қасым қатысты.

Жиын соңында университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы бұрынғы университет түлегі, қазіргі Алматы қаласының Ішкі Істер Басқармасының бастығы Ерлан Заманбекұлына өзі білім алған қарашанырақ студенттерімен кездесуге келгеніне алғысын жеткізіп, еңбекте зор табыстар тіледі.

● Новые технологии

КАЗАХСКО-ФРАНЦУЗСКИЙ ИНСТИТУТ
ЭЛЕКТРОННОГО ОБУЧЕНИЯ

30 октября в рамках конференции-презентации по проекту ЮНЕСКО "Электронные порталы университетов Центральной Азии" впервые в Казахстане открывается Казахско-Французский институт электронного обучения.

Современный мир характеризуется интенсивным переходом к информационному обществу, определяемому превалярованием в валовом национальном продукте (ВВП) информационных продуктов и услуг. В современных развитых странах процент информационных продуктов и услуг в ВВП довольно значительный.

В этом плане необходимо отметить утвержденную Указом Президента Н.А. Назарбаева Государственную программу формирования "Электронного правительства" в Республике Казахстан на 2005-2007 годы. Для Казахстана это является важным событием в связи с актуальностью перехода страны к информационному обществу.

Одной из базовых составляющих общества является система образования. Поэтому при переходе страны к информационному обществу важнейшей задачей является информатизация системы образования, образовательного процесса.

Основой создания Казахско-Французского института электронного обучения были работы, проведенные совмес-

тно с нашими партнерами из Франции по проекту ТЕМ-ПУС-ТАСИС с 1997 года по 2001 год, развитие компьютерной сети и информационной системы университета, выполнение проекта ЮНЕСКО "Электронные порталы университетов Центральной Азии" с 2005 года. Большой финансовый вклад (более 20 млн. тенге) сделал наш университет через ДГП НИИ Математики и механики по проекту "Разработка технологических основ создания и применения спутниковых информационно-телекоммуникационных систем и обеспечения их безопасности" под руководством профессора Тукуева У.А. В разработке электронных порталов двух университетов следует отметить большой вклад Университета Р. Шумана, а


именно Компьютерного центра в лице г-на Франсуа Каде по передаче новейших информационных технологий.

Казахско-Французский институт электронного обучения открывается совместно с Казахским университетом международных отношений и международных языков им. Аблайхана, который будет обучать специалистов французскому языку. Казахский национальный университет будет вести подготовку по информационным технологиям. В будущем предполагается развитие Института как в части расширения казахстанских участников, так и по направлениям подготовки обучающихся.

Основной целью этого проекта является передача новых технологий автоматизированных рабочих мест для создания электронного университета среди вузов стран Центральной Азии: Казахстана, Киргизстана, Узбекистана, Таджикистана и Туркменистана.

Помимо того, открытие Казахско-Французского института электронного обучения служит дальнейшему укреплению культурного и научно-технического сотрудничества Казахстана и Франции.

Пресс-служба КазНУ



Басы
1-бетте



Сапардың екінші күні Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ делегациясы Мәскеудегі Әлия Молдағұлова атындағы орта мектепте өнер көрсетті. Қазақтың әйгілі батыр қызының есімі берілген білім ордасында қазақ жастары ерекше арқаланып, рухтанып ұлттық өнерімізді одан әрі жарқырата көрсетті. Мұнда орыс халқының танымал әндері мен билері де орындалды. Концерттік бағдарламаны ұлты орыс болса да, қазақ тілін өз тілінен кем білмейтін университетіміздің магистранттары Юрий Копнов пен Марина Завьялова қазақ-орыс тілдерінде жүргізді.

Сапардың соңғы күні Қазақстанның Ресейдегі Төтенше және өкілетті елшісі Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ делегациясын қабылдап, еліміздің мәртебесін биіктететін мәдени шараға белсенді қатысып, жоғарғы дәрежеде өнер көрсеткендері үшін университет ұжымына алғысын жеткізді.

Бұл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің Тәуелсіздік алған жылдардан бергі Ресейге алғашқы сапары. “Достық достықты шақырады” деп Ұлы Абай айтпақшы, мұндай екі жақты барыскелістің, мәдени қарым-қатынастардың маңызы зор. Біріншіден, екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтса, студенттердің өзге елде болып өз елінің намысын жыртып, өнер көрсетуі отансүйгіштік сезімдерін арттырады деп ойлаймыз.

Максат Арыстанбаев, Студенттер клубының директоры: Мәскеуден алған әсеріміз керемет. Университет студенттерінің Ресей сияқты мемлекеттің үлкен сахнасында өнер көрсетуі көптен бері болмаған оқиға. Көрермен халық біздерді өте жылы қабылдады. Бұрыннан танымал болып қалған өнер жұлдыздарына қарағанда, студенттердің кәсіби деңгейде болмаса да, өз биіктерінде өнер көрсетуі шынайылығымен ерекшеленіп тұрды. Оркестрдің орындауындағы күйлер, шырқалған әндер һәжанды дауыспен шықты. Көрермен жүрегіне жол табуымыздың сыры да осында болса керек.

Мәскеуде білім алып жатқан қандастарымыз біз барғаннан қошаметтеп, үлкен қолдау білдіріп жүрді. Өз елі дегенде ішкен астарын жерге қоятындығы байқалып тұрды. “Ғалым болып қана қоймай, студенттермен бірге сахнаға шығып, аспаптардың сан түрін бағындырып ән шырқаған ректорды алғаш көруіміз” деп таңданысты. Ректорымыз Т.Ә.Қожамқұловтың шын мәніндегі шығармашылық тұлға екендігіне жиналған жұрт та куә болды.

ҚАЗҰУ МЕН МӘСКЕУ АРАСЫ



Болат Әмірханов, “Фараби сазы” халық аспаптар ансамблінің жетекшісі:

Біздің ұтқан жеріміз де, жаңалығымыз да – ұлттық киім киініп, ұлттық өнерімізді жарқырата көрсетуіміз, күйлеріміз бен әндерімізді жанды дауыста орындауымыз болды. Мындаған адам жиналған залды қасиетті дом-

быра үні мен қазақтың күйлері кернеген кезде даланың, кендіктің, дархандықтың лебі ескендей болды. Орындалған өндеріміз де халықтың өзінен шыққан кең тынысты.

Мәскеуден тағы бір байқағаным – Қазақстанның басқа елдерге қарағандағы халықаралық мәртебесінің жо-

ғарылығы. Біздің елді білмейтін адам жоқ, үлкен құрметпен қарайды. Мәскеуліктердің бірінін: “Бізге болмашы табыс үшін қара жұмысқа жегілген қазақ жоқ. Ал, басқа көршілес ұлт өкілдері жетіп-артылады” дегені көкейімде мақтаныш сезімін туғызды.

Нәзира Бөлтірікова, шығыстану факультетінің студенті:

Студент болып жүріп, талайлардың арманы болған Мәскеу қаласын көру, үлкен сахнасында өнер көрсету мен үшін үлкен қуаныш болды.

Бұған дейін шетелге шығып көрмеген біздер алғашында қобалжығанымыз рас. Бірақ еліміздің намысы үшін аянып қалғанымыз жоқ. Басқа студенттер де осындай сезімде болды ғой деп ойлаймын.

Маған сол жақтағы қандастарымыздың еліне деген шексіз сүйіспеншілік-



МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕЛОВОЙ СОВЕТ

ПОЧЕТНЫЙ ДИПЛОМ

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби

Лауреат Международной премии
Знак Почёта
«Лидер национальной экономики 2006»

Председатель
Международного Делового Совета 

Карпунин О.И.

25 октября 2006 г.
Москва

тері үлкен әсер етті. Әлия Молдағұлова атындағы мектептегі кездесу естен кетер емес. Өзінің көзсіз батырлығымен талайларды таңдай қақтырған қазақ қызы қандай құрметке де лайық деп білемін. Ресейлік ЖОО-дағы қазақстан-

дық студенттердің бізге деген ыстық ықыласы өзге елде жүргенімізді сездірген жоқ. Олармен тұрақты қарым-қатынас жасап тұруға келістік.

Ғалия АҚСЕЙІТ



● Посвящение А.С. Пушкину

4-6 октября 2006 г. на филологическом факультете КазНУ им. аль-Фараби прошла Международная научная конференция “Художественный текст в диалоге культур”, посвященная Году Пушкина в Казахстане. Конференция проводилась в соответствии с принятыми между правительствами России и Казахстана договоренностями об объявлении 2006 года Годом Пушкина в Казахстане и Годом Абая в России.

Ведущие ученые России, Латвии, Украины и нашей республики приехали на конференцию, чтобы принять участие в творческом диалоге, рассмотреть разные исследовательские подходы к проблемам творчества А.С. Пушкина в контексте русской и мировой художественной культуры, выявить влияние пушкинских традиций на национальные литературы, обсудить с коллегами широкий спектр литературоведческих проблем.

Открытие конференции состоялось 4 октября в зале заседаний Ученого совета КазНУ, где с приветственным словом выступили консул Генерального консульства РФ в г. Алматы, представитель Российского зарубежного центра в г. Алматы В.Т. Селиванов, главный редактор журнала “Простор” поэт В.Ф. Михайлов, поэты О.К. Жанайдаров, Оразакын Аскар, А.И. Матвеев. На пленарном заседании были заслушаны два научных доклада: профессора кафедры теории литературы и фольклористики КазНУ им. аль-Фараби Н.О. Джуанышпекова “Казахский народный поэт Пушкин” и профессора МГУ им. М.В. Ломоносова, члена Союза писателей России М.В. Михайловой “Духовная биография А.С. Пушкина в символистском освещении (“Жизнь Пушкина” Г.И. Чулкова)”. И если первый докладчик внес в торжественное мероприятие эмоциональную, импровизаторскую струю (в духе казахских акынов), то российский профессор сразу задала высокую научную планку конференции, представив в своем исследовании жизнь Пушкина в интерпретации символиста Г.И. Чулкова как “путь от скептического вольтеррианства к религиозному провидению мира”. А главная идея доклада Марии Викторовны Михайловой о соотношении в творчестве Пушкина национального и универсального звучала в унисон с темой конференции.

Заключительное слово на пленарном заседании произнес проректор по научной работе А.И. Купчишин. В докладе “Год Пушкина в Казахстане” он отметил, что творчество двух поэтов – Пушкина и Абая – свидетельствует о том, что талант и мудрость – категории наднациональные: “Восславленные Пушкиным свобода, “милость к падшим” и призывы Абая к самосовершенствованию, стремление, сохраняя свою культуру, познать и понять культуры других народов, объединяют двух поэтов”. В конце выступления Анатолий Иванович прочитал стихотворные строчки собственного сочинения, внося тем самым в торжественную процедуру нотки лиризма и камерности, которые подготовили теплую, дружественную, коллегияльную атмосферу на секционных заседаниях.

Секционные заседания проходили 4 и 5 октября по трем глобальным направлениям: “А.С. Пушкин и пушкинские традиции в мировой литературе. Поэтика русской литературы”, “Типология развития художественных традиций в литературе Казахстана. Национальный образ мира. Проблемы теории литературы, компара-



тивистики и художественного перевода” и “Лингвистика текста”.

В первой секции живейший интерес вызвали доклады профессора КазНУ Г.М. Мучник “Пушкин в творческом сознании современных русских поэтов (трансформация мотивов и образов) и доцента Павлодарского государственного педагогического института О.А. Иост “А.С. Пушкин и традиции религиозно-нравственной основы русской классической литературы”. Также с большим вниманием были заслушаны доклады завкафедрой лингвистики и культурологии университета Российской академии образования (Рубцовский филиал) доцента Г.А. Шкуты “Пушкинская цитата как один из аспектов интерпретации повести Н.С. Лескова “Островитяне”, профессора КазНУ А.Б. Абдулиной “Фольклорная песня в авторском метатексте Пушкина”, завкафедрой русской и зарубежной литературы КарГУ профессора Т.Т. Савченко “Стихотворные молитвы ХУІІ века и лирический элемент в ней” и других участников конференции.

Второй день секционных заседаний был открыт докладом д.ф.н., в.н.с. ИРЛИ РАН (Пушкинский Дом), председателем комиссии по академическому изданию произведений А.М. Ремизова при Российской академии наук А.М. Грачева “Неомифологизм неореалистической прозы 1910-х годов: повесть Б. Зайцева “Голубая звезда”, в котором были проведены

параллели между символизмом и неореализмом в плане развития во многом сходных и в то же время разных моделей эстетического познания. В возникшее после выступления А.М. Грачевой диалогическое поле органично влился доклад завкафедрой русской и зарубежной литературы КазНУ У.К. Абишевой “Рассказы Б. Зайцева 1910-х годов в контексте классической художественной традиции (сборники “Зеленая печаль” и “Путники”). Эстафету у маститых ученых приняла в конце заседания молодая поросль кафедры русской и зарубежной литературы КазНУ - аспиранты О.В. Бубликова и Л.А. Шейкина.

Бурную дискуссию вызвал доклад д.ф.н., доцента Российского университета дружбы народов У.М. Бахтикиревой “К вопросу о создании теории русско-инонационального литературного взаимодействия”, где актуальнейшая проблема билингвизма рассматривалась как “диалог мировоззрений, систем мира”, и были предприняты попытки раскрыть содержание таких понятий, как “русскоязычный национальный писатель” и созданный им художественный текст. Прения по докладу были продолжительными и настолько интересными, что руководители секции Т.Т. Савченко и А.М. Грачева предложили в будущем обсуждать наиболее злободневные проблемы и вопросы за круглым столом отдельно от секционных заседаний либо

предварительно раздавать готовые тексты докладов на руки участникам за день до их обсуждения.

В целом в ходе конференции были затронуты все заявленные проблемы: пушкинские традиции в контексте культуры XX века, русско-казахские и другие инонациональные литературные взаимосвязи, динамика сюжетов и мотивов, интертекстуальность и проблемы интерпретации художественного текста, проблемы художественного перевода, фольклор и литература и другие.

Диалог культур был продолжен в неформальной обстановке в горах Заилийского Алатау: участники конференции поднимались на Кок-Тюбе, Чимбулак, Большое Алмагинское озеро. Красота наших гор, “в багрец и золото одетые леса”, прозрачные бурные реки пленили гостей южной столицы и послужили достойным обрамлением конференции, виновником которой стал Александр Сергеевич Пушкин. И всем известно, что для великого поэта осенняя пора – “очей очарованье”, а болдинская осень оказалась самым плодотворным периодом жизни. Так сомкнулась связь времен: сошлись в диалоге болдинская осень и алмагинская осень, давшие так много в плане духовного, интеллектуального, эмоционального общения. И хочется верить, что этот диалог будет продолжен.

Акмарал ЕЛУБАЕВА, доцент кафедры русской и зарубежной литературы

Эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің “Парасат” кәсіподағының төрайымы Мәншүк Тынышқалиқызы Мұқашева жақында Санкт-Петербург мемлекеттік университетінде өткен университеттердің кәсіподақ ұйымдарының Еуразиялық Қауымдастығының ХІХ-съезіне қатысып қайтты. Онда Осы Қауымдастықтың жұмысы туралы ақпар беріліп, “Білім берудің ұлттық моделі мен әлеуметтік серіктестікті дамытудағы классикалық университеттердің ролі” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Сонымен қатар басқа да ұйымдастыру мәселелері талқыланды.



Суретте: “Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т. Мұқашева Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Л.А. Вербицкая мен бірге.

Университеттердің Еуразиялық қауымдастығының негізгі қызметі Қауымдастыққа бііркөк кәсіподақ ұйымы мүшелерінің еңбек ету және әлеуметтік және басқа да азаматтық құқықтар мен мүдделерін қорғау болып табылады. Қауымдастыққа мүше университеттердегі университеттік жоғары білім беру жүйесін сақтап, дамытуға атсалысу, Қауымдастыққа мүше кәсіподақ ұйымдарының мүшелерінің кәсіби және мәдени тұрғыдан өсуіне, демалыстарын ұтымды да көңілді өткізулеріне жағдай жасау да осы ұйымның міндетіне кіреді.

- Мұндай халықаралық деңгейдегі ауқымды жиындардың бізге берері мол. Бұл университеттердегі кәсіподақ ұйымдарының нығайтып, дамуына әсерін тигізеді, сонымен қатар өзара көмек, серіктестік, тәжірибе алмасу тұрғысынан да өте пайдалы, - дейді университеттің кәсіподақ басшысы М.Т. Мұқашева.

**САНКТ-ПЕТЕРБУРГКЕ
САПАР**



● К 100-летию Г.З. Бияшева

10-11

октября 2006 г. на биологическом факультете КазНУ им. аль-Фараби прошла Международная научно-практическая конференция, посвященная 100-летию со дня рождения выдающегося ученого, педагога, академика Гакаша Закиевича Бияшева. В работе конференции приняли участие представители вузов и научно-исследовательских учреждений США, России и Казахстана: Вирджинского университета, Московского государственного университета инженерной экологии, Института физиологии им. К.А. Тимирязева РАН, Института ботаники и фитоинтродукции МОН РК, Академии государственного управления при Президенте РК, Института молекулярной биологии и биохимии им. М.А. Айтхожина, Института биологии и биотехнологии МОН РК, Института общей генетики и цитологии МОН РК, Казахского института земледелия, Казахского национального педагогического университета им. Абая, Казахского государственного женского педагогического университета, Института цитологии и генетики СО РАН, Западно-Казахстанского университета, Национального центра биотехнологии РК, Казахского национального аграрного университета, Алматинского технологического университета и др.



ПАМЯТИ АКАДЕМИКА

доктор Р.М. Бияшев, профессора А.И. Седловский, Б.К. Искаков, С.Т. Тулеуханов, К.К. Шулембаева, доктор А.А. Нуржанова и многие другие. Внук юбиляра Р.М. Бияшев выступил на пленарном заседании с докладом по вопросам генно-инженерных приемов создания новых форм сои. В ходе конференции была торжественно открыта учебная аудитория им. академика Г.З. Бияшева. На церемонии

Г.З. Бияшев родился 10 октября 1906 года в Камыстинском ауле Джаныбекского района Уральской области. Заслуженный деятель науки Казахской ССР, доктор сельскохозяйственных наук, профессор, академик АН КазССР, вице-президент Казахской академии сельскохозяйственных наук, инициатор и организатор научных направлений по генетике и селекции

педагогическую работу с общественной деятельностью. Он состоял членом Президиума общества по распространению политических и научных знаний КазССР, назначался председателем Казахского отделения Советской ассоциации дружбы с народами Африки, избирался депутатом Алма-Атинского городского совета депутатов трудящихся.

По результатам проведения Международной научно-практической конференции решено проводить Бияшевские научные чтения каждые 5 лет.

открытия выступили академики М.Х. Шигаева, И.Р. Рахимбаев, Г.Х. Ергалиев, профессор А.Б. Бигалиев и многие другие.

Конференция к 100-летию со дня рождения Г.З. Бияшева проводилась по двум основным направлениям (секциям): "Генетические основы селекции и биотехнологии" и "Геносистематика и генофонд сельскохозяйственных культур: перспективы устойчивого развития". По материалам конференции КазНУ им. аль-Фараби опубликовал юбилейный "Вестник КазНУ. Серия биологическая".

В рамках юбилейной конференции были подведены итоги конкурса молодых ученых. Ценными подарками премированы 4 научно-исследовательские работы.

По результатам проведения Международной научно-практической конференции решено проводить Бияшевские научные чтения каждые 5 лет.

сахарной свеклы, хлопчатника и зерновых культур. Академик Г.З. Бияшев подготовил 3 докторов и 18 кандидатов наук. Работал старшим научным сотрудником, заведующим отделом технических культур, заместителем директора Казахского филиала ВАСХНИЛ, заведовал кафедрой дарвинизма и генетики в КазГУ им. С.М. Кирова, был директором Института ботаники АН КазССР, вице-президентом Казахской академии сельскохозяйственных наук. Гакаш Закиевич Бияшев - автор 130 научных публикаций, в том числе 3 научных монографий, имеет нескольких авторских свидетельств. Г.З. Бияшевым создана отечественная школа одного из ведущих направлений растениеводства - селекции сахарной свеклы. Академик Г.З. Бияшев совмещал научно-исследовательскую и

Заслуги Гакаша Закиевича Бияшева были высоко оценены правительством. Он награжден орденами "Знак почета", "Трудового Красного Знамени", медалями "За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.", "За освоение целинных земель", почетными грамотами Верховного Совета Казахской ССР. Г.З. Бияшеву присвоено почетное звание заслуженного деятеля науки Казахской ССР.

З.Г. БИЯШЕВА, д.б.н., профессор,
З.М. БИЯШЕВА, к.б.н., доцент
кафедры экологии и почвоведения

● Конференция

ҒАЛЫМНЫҢ 90-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

17-18 қазан

күндері биология факультетінде ҚР ҰҒА академигі, ҚАЗ ССР ғылымдарының еңбек сіңірген қайраткері, биология ғылымдарының докторы, профессор Т.М. Масеновтың 90-жылдығына арналған "Биоәртүрлілікті сақтаудың қазіргі мәселелері" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Толеген Масенұлы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің алғашқы түлектерінің бірі және цитология мен гистология кафедрасының негізін қалаушысы болды. Ол өзінің бар күш-қайратын салыстырмалы және экологиялық морфология саласындағы ғылыми зерттеулерге арнады. Қазіргі кезде цитология мен гистология кафедрасында оның шәкірттері жұмыс жасауда.

Фауна мен флораның биоәртүрлілігін сақтау мәселелері, қолайсыз факторлар әсер еткендегі адамның және жануарлардың тканьдері мен органдарының реактивтіліктері қазіргі биологияда ең өзекті мәселелер болып табылады.

АҚШ-да, Англияда, Францияда, Жапонияда, Германияда және басқа да елдерде бұл мәселелер терең зерттелуде және медицинаны дамыту, жануарлар әлемін қорғау және сақтау, тиімді пайдалану үшін үлкен маңызы бар. Осының бәрі Қазақстан морфологтары мен шектес мемлекеттердің бай тәжірибесін біріктіруге, зерттеудің осы бағытын ұлғайту мақсатында жана ғылыми халықаралық байланыстар орнатуға мүмкіндік беретін республикалық конференцияны өткізу қажеттілігін көрсетті.

Конференцияның басты мақсаты - ғылыми-зерттеудің бай тәжірибелерін біріктіру және жана халықаралық байланыстарды орнату мақсатында Қазақстанмен жақын және алыс шет елдер ғалымдарының интеграциясын күшейту болды.

Конференцияға Австриядан, Германиядан, Ұлыбританиядан, Россиядан, Украинадан, Литвадан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан және Қазақстанның Алматы, Қарағанды, Шымкент, Атырау, Павлодар, Семей, Өскемен, Кентау қалаларының ғалымдары қатысты.



● Мерейтой

4 қазан күні филология факультетінде Қазақстанның көрнекті фольклорист-ғалымы, этнограф, психолог, педагог, публицист — Сұлтанғали Садырбаевтың 75 жасқа толуына арналған салтанатты жиын өтті. Оған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Намазалы Омашұлы қатысып, құттықтауын жеткізді. Сонымен қатар ғалым мерейтойына Қазақстанның белгілі ақын-жазушылары мен өнер, мәдениет қайраткерлері қатысты.



ОЙЛЫ ОҚЫМЫСТЫ

Сұлтанғали аға 1931 жылы, 15 тамызда, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ селосы, Сүйінбай ауылында туған, Сүйінбайдың шөбересі. 1939-1950 жылдары Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Сүйінбай атындағы қазақ орта мектебінде оқыған. 1950 жылы орта мектепті үздік бітірген соң, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Сұлтанғали Садырбаев 1955-1957 жылдары Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. 1958-1959 жылдары “Лениншіл жас” газетінің мектеп және жоғары мектеп бөлімінің әдеби қызметкері, 1960 жылы Қазақстан Республикасы ғылым академиясының тіл және әдебиет институты фольклор бөлімінің аспиранты, ғылыми жетекшісі - академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Сол уақыттан бастап, «Қазақ эпосының тұтастану мәселесі» («Вопросы циклизации казахского эпоса») деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазады. Осы диссертацияның негізінде, Сұлтанғали Садырба-

евтың «Фольклор және эстетика» деген монографиясы 1976 жылы «Жазушы» баспасынан жарыққа шықты. Аталған монографияда «Қырымның қырық батыры» жырын жырлаған Маңғыстаулық Мұрын Сенгірбаевтың шығармашылық өмірбаяны, «Қырымның 40 батыры» жырының пайда болу заманы, оның тарихилығы, жер мәселесі, халық пен батырдың қарым-қатынасы, ата-аналардың образы, әйелдердің қоғамдық орыны, батырлардың елді, жерді қорғаудағы ерлік істері, патриотизм мәселелері жан-жақты зерделенген. Еліміздің көрнекті фольклорист-ғалымы Сұлтанғали Садырбаев 1962 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына аға оқытушы болып қызметке тағайындалады. Содан соң, доцент, профессор болып, 44 жыл осы университетте филология және журналистика факультеттерінің студенттеріне «Қазақ халық әдебиеті» (фольклоры); «Шешендік сөздердің тарихы мен теориясы» деген тақырыпта, теориялық пән бойынша

лекция оқиды. Профессор С.Садырбаевтың «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1977 ж.); «Қазақ халық әдебиеті» (1990 ж.); «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» (1993 ж.); «Фольклор және Жамбыл» (1996 ж.); «Фольклор және публицистика» (2006 ж.) деген монографиялары мен оқулықтары қазақ фольклористика ғылымына қосылған зор үлес болып саналады. 1994 жылы Ұлттық Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының жанындағы филология ғылымдарының докторы дәрежесін беру жөніндегі мамандандырылған ғылыми кеңестің мәжілісінде С.Садырбаев “Халық әдебиетінің тарихи негіздері” деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Сондай-ақ, Сұлтанғали Садырбаев қазақ халқының ұлы ақындары Сүйінбайдың 3 томдық, Жамбылдың 2 томдық өлеңдер жинағын әр кезде жарыққа шығарған, оның алғы сөзі мен ғылыми түсініктемесін жазған. 2003 жылы «Білім» баспасынан Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясының»

академиялық нұсқасын қайтадан жариялағаны үшін Сұлтанғали Садырбаевқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешімімен Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың лауреаты деген құрметті атак берілді. «Сөздің пірі - Сүйінбай», «Жамбыл: адамзаттың ұлы жыршысы», «Қарасай батыр», «Қыз ұзату» деген 4 деректі телефильмнің авторы. XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялаған орыс оқымыстылары П.С.Паллас, В.Н.Татищев, А.И.Левшин, И.Березин, Н.Н.Пантусов, А.В.Васильевтер туралы С.Садырбаевтың терең ғылыми-зерттеу еңбектері тағы бар. 2003 жылы 13 маусымда профессор Сұлтанғали Садырбаев “Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға ерекше еңбегі сінген» белгісімен; 2004 жылы (4.12.) Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен «Құрмет» орденімен наградталған. Форт-Шевченко қаласы мен Алматы облысы, Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы».

● Таным

ДӘСТҮРЛІ ҚАСЫМЖАНОВ ОҚУЛАРЫ ӨТТІ

Жуырда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен “Әл-Фараби мәдениет тарихында” атты танымал философ, үлкен көрнекті фарабитанушы, философия ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Ағын Хайруллаұлы Қасымжановтың туғанына 75 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция, Қасымжанов оқулары өтті.

Халықаралық ғылыми конференцияда мынадай секциялар жұмыс істеді: “Әлемдік және қазақ философиясындағы фарабитану дәстүрлері”, “Ислам мәдениеті мен философиясы: тарих, қазіргі заман және келешегі”, “Өркениет: рухани, білімділік, өнегелік кеңістігі және бірегейлігі”, “Тарихи философиялық үдерісті зерттеудің өзекті мәселелері”. Конференция жұмысына ҚР және шет елдерден келген танымал ғалымдар, философтар қатысты.

Пленарлық мәжілісте философия және саясаттану факультетінің деканы Ғарифолла Есім, Египет Республикасының ҚР-ғы төтенше және өкілетті елшісі Абдул Маумуд ал-Хаббаши, профессор Махмуд Фахми Хаджази, Нур-Мубарак Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры, Баку қаласынан келген Азербайджан Университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Халилов Салахаддин Садраддин оғлы, КИМЭП саяси ғылымдар кафедрасының меңгерушісі Джонатан Д. Пикслер, Қырғызстан Республикасынан келген саяси ғылымдарының докторы, профессор Ж.Жорабеков және де Әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің белгілі ғалымдары баяндама жасады.

Таяуда философия және саясаттану факультетінде “Қазақстан Республикасы және АҚШ: стратегиялық әріптестіктің дамуы” тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті. Бұл дөңгелек үстел Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жуырдағы АҚШ-қа ресми сапарына орай ұйымдастырылған еді.


ҚАЗАҚСТАН МЕН АҚШ ӘРІПТЕСТІГІ

Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы қарым – қатынас Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының векторларын айқындаушы басты бағыт

болып табылады. Әлемдік көшбасшы АҚШ-пен қарым-қатынасты кеңейту Қазақстанның халықаралық беделін нығайту мен күшейту үшін маңызы зор. Ол республи-

ликаның егемендігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, халықаралық саяси институттар мен қаржы институттарындағы позициясын бекітудің, жетік технологияларға қол жеткізудің сенімді кепілі болып табылады. Өзінің әлеуетін іске асыру, әлемдік экономикаға кірігу, әлемдегі анағұрлым бәсекеге төзімді елу елдің қатарына кіру мақсатында Қазақстан АҚШ-пен саяси, әлеуметтік – экономикалық және мәдени өмірдің барлық салаларындағы тең әріптес қарым – қатынастарды белсенді түрде дамытуда. Стратегиялық әріптестіктің қарқынды дамуына үстіміздегі жылдың 26 және 29 қыркүйек айларындағы Елбасымыздың АҚШ-қа жасаған сапары куә

бола алады. Жоғарғы деңгейде өткізілген кездесулер мен келіссөздер Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесі мен әлемдік шаруашылыққа одан әрі кірігуінің сапасы мен динамикасына тікелей ықпал етеді. Дөңгелек үстелде ҚР мен АҚШ арасындағы стратегиялық әріптестіктің сан алуан бағыттарын талқыланды. Дөңгелек үстелге философия және саясаттану факультетінің деканы, профессор Ғарифолла Есім, University of Wisconsin at Washington County университетінің ректоры Дэвид Никсон, саясаттану кафедрасының меңгерушісі, профессор Л.М.Иванова және факультеттің аспиранттары мен магистранттары, студенттері қатысты.



Бұл мәні зор шара Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде де айрықша аталып өтті. Ертемен университеттің стадионында әуелеген өңге елітіп, ерсілі-қарсылы жүрген қарақұрым студент шын ынталарымен жарыстың басталар сәтін күтіп, мәре-сәре қалыпта жүрген. “Ұрыста тұрыс жоқ” дегендей, дене шынықтыру кафедрасының оқытушылары сапырылысқан студенттерді әп-сәтте сапка тұрғызып, “Президент милясының” жарысын бастап та жіберді. Көп ұзамай ортаға үкілі топ – спорттық киімдерін сакадай сайлап университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов бастаған оқытушылар мен профессорлар да келді. Саптанатты шырайдың көрінген жері де осы болатын. “Спорт барлығы үшін, денсаулық әркім үшін қажет” деп сабақтады сөзін Төлеген Әбдісағиұлы. Содан соң күллі әріптесімен стадионды бір айнала жүгіріп, лентаны кесті. Әжептеуір жасқа келсе де ширақ, жарау көрінген Төлеген аға денсаулыққа ден қойған жан екенін аяқ алысын танытты. Сірә, бұл да болса тек қана ғылымға мойынсұнбай, спортты дағдыға айналдырғанның пайдасын үлгі қылғандай болды.

Жарыстың бас төрешісі, денешынықтыру кафедрасының менгерушісі Анатолий Иванович Арещенко өз пікірін былай танытты: “Жалпы бұл жарыс шарасы – шын мәніндегі салауатты өмірді қолдайтын денсаулық додасы. Сол себепті біз бұған жауапкершілікпен қарап, орталық стадионға да отыз

Дені сау елдің – болашағы зор. Жақында республика бойынша жаппай салауатты өмір салтын қолдаған “Президент милясы” жүгіру жарысы ұйымдастырылды. Көпшіліктің, әсіресе жастардың жабыла қатысуымен болған аталмыш шара барлық қалалардың орталық көшелерінде, оқу орындарының спорт алаңдарында жүргізілгені белгілі.



ДЕНСАУЛЫҚ ДОДАСЫ “ПРЕЗИДЕНТ МИЛЯСЫНАН” БАСТАЛДЫ

адамды сайлап жібердік. Ал қалған еркіткер осында топтасқан. Бұған бейжай қарамау керек, өйткені дәл осындай көпшіліктің қатысқан спорттық шаралары неғұрлым жиі болып тұрса, үлкен спортқа ынта қоюшылардың қатары көбейеді”, - деді.

Айтпақшы, үлкен спорт демекші, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық уни-

верситетінен талай спорт шеберлері шығып, еліміздің олимпиадалық құрамына ілігіп, халықаралық жарыстарға қатынасып жүр. Анатолий Ивановичтің айтуынша, дзюдодан Ұлан Рысқұлов, ауыр атлетикадан Юрий Галкин, бокстан Дархан Амиров, Руслан Рысбеков сияқты жас спортшылар кезекті Қытайда өтетін олимпиадалық ойындарға сұранып жүрген көрінеді.

Аталмыш спорттық шара кешке дейін жалғасты. Ал түс әлетінде арнайы топтан сұрыпталып, ең үздіктер анықталып қойды. Атап айтқанда, ер-

лер арасындағы ең жоғарғы уақыт көрсеткіші бойынша 1-орынды Р.Тастеміров (биология факультеті), 2-орынды Ж.Сариев (экономика факультеті), 3-орынды А.Жұмабаев (физика факультеті), ал қыздар арасынан 1-орынды Н.Тукова (халықаралық қатынастар факультеті), 2-орынды Н.Тымочко (колледж), 3-орынды А.Гладышева (халықаралық қатынастар факультеті) жеңіп алды.

Әділбек ЖАПАҚОВ,
2-курс студенті

“ҰЯТ БОЛМАСЫНҒА” КЕЛІҢІЗДЕР



Жуырда Республика сарайында Қазақстан жұртшылығын бір серпілтіп алар қызықты шара өтпекші.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің түлегі, танымал телепродюсер Серік Абас-шах мұрындық болып, көрермен көзайымына айналған “Ұят болмасын” бағдарламасы жаңа бейнеде көрерменімен қайта қауышпақ.

Қарашаның 6-сы күні “Ұят болмасын” бағдарламасын жасауға атсалысқан өнер қайраткерлері мен эстрада жұлдыздары Алматы қонақтары мен тұрғындарына әсем кеш сыйлайды. Әсем әзіл, дәмді ой, ұлттық бейне мен күйкылжыған әннің көмкерілуімен өтер бұл кеш алдағы уақытта ай сайын өтетін дәстүрлі концертке ұласпақшы.

● Спортивная площадка

СПОРТ ОБЪЕДИНЯЕТ СИЛЬНЫХ!

С 17 по 19 октября 2006 г. на территории студенческого городка прошли соревнования по волейболу, посвященные Дню Республики. В них приняли участие студенты, живущие в общежитиях Казуграда.

Инициаторами соревнований выступили Отдел эксплуатации в лице директора Болат Басыбекова и Спортивный клуб нашего университета. Надо отметить, что, несмотря на царившие в эти три дня дождь и слякоть, студенты приняли активное участие и доказали, что они закаленные и не боятся непогоды. Среди “волейболистов и волейболисток” сложились дружественные и теплые отношения. Многие обрели новые знакомства и новых друзей. Недаром говорят, что спорт всегда и везде объединяет людей. Так оно и здесь было. Волейбол объединил всех студентов, живущих в общежитиях.

По мере приближения к финалу обстановка накалилась до предела. Все хотели занять призовые места. Но удалось это лишь трем факультетам. Так, 1-е место оставил за собой факультет международных отношений – общежитие №1, 2-е место у биологического факультета –

общежитие №7, 3-е место занял факультет географии – общежитие №4. Победителям, отвоевавшим призовые места, организаторами были вручены подарки – портрет аль-Фараби, футболки и бейсболки.

В роли судей выступили специалисты из Спортклуба

университета, которые показали свой профессионализм и отсудили честно и беспристрастно.

Волейбольные матчи проходили перед летней площадкой. Было много народу, и каждый матч носил эмоциональный характер. Студенты бились до последнего. Но в целом обстановка была дружественной: играла музыка, некоторые даже подтанцовывали, а девушки яростно болели за свои команды.

В последний день состязаний студенты выразили большую надежду на то, что соревнования такого уровня будут проводиться чаще, и не только по волейболу, но и по другим видам спорта, например, по футболу.

Бауыржан НУРМАНОВ,
студент 4 курса
факультета
журналистики

Жұмахан ҚУМАР,
1-курс студенті


ҚАЗҰҰ-дың қызғалдақтары

Ақнұр УМАРАЛИЕВА
Экономика және бизнес
факультетінің 2-курс студенті

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ФОТОСЫ

Шанкай түсте өткір
алтын Күн сұу,
Жымындаған жұлдыз-
дармен түн сұу.
Толып жатыр түрлі сұу
дүниеде,
Бәрінен де маған, сәулем,
сен сұу.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;
Ғ.СЕРІМ - студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары - Нәйлә Садықова;
Жауапты хатшы - Дарига Амангельдиева;
Көркемдеуші-беттеуші - Нұрлан Сүйінбайұлы;
Фототілші - МАМЫРЖАН;
Кезекші редактор - Алма Сайлауқызы

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,
Әл-Фараби даңғылы, 71,
рекорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.

Байланыс телефоны: 47-29-29,
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі, 55)
04.11.2006 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы - 1000 дана.
Көлемі 2 бт.
Индексі 65989.
№ 155 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.